

**Қазақстан Халық
партиясы
бағдарлама**

Нұр-Сұлтан қ. 2020ж.

1. ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛДІК

- 1.1. Ұлттық саясат және қазақстандықтардың құқығын қорғау
- 1.2. Кепілдендірілген әлеуметтік қамсыздандыру
- 1.3. Қолжетімді және тиімді медицина
- 1.4. Сапалы және қолжетімді білім
- 1.5. Прогрессивті ғылым
- 1.6. Әділетті зейнетақы жүйесі
- 1.7. Халықтың рухани мұрасы

2. ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ

- 2.1. Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесі
- 2.2. Дамыған жергілікті өзін-өзі басқару
- 2.3. Азаматтық қоғам және билік
- 2.4. Беделді кәсіподақтар
- 2.5. Тәуелсіз сот жүйесі

3. ХАЛЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА

- 3.1. Әлеуметтік бағдарланған экономика векторлары
- 3.2. Ауыл шаруашылығы экономиканың драйвері және азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі
- 3.3. Индустриялық даму
- 3.4. Шағын және орта бизнес
- 3.5. Халықты жұмыспен қамту
- 3.6. Салық салу және қаржы саясаты

4. ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІ

- 4.1. Ұлттық мүдде
- 4.2. Құқықтық тәртіп
- 4.3. Сыбайлас жемқорлыққа және көлеңкелі экономикаға қарсы күрес
- 4.4. Экологиялық қауіпсіздік
- 4.5. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерін әлеуметтік қолдау

5. СЫРТҚЫ САЯСАТ

* * *

Қазақстан Халық партиясы – социализмнің басты құндылығы ретінде өмірдің барлық саласында **әділдікке** негізделген солшыл-орталық партия.

Мемлекеттің өз азаматтарына әділ әрі тең қарым-қатынасы қазақстандық қоғамның тұрақты жұмыс істеуі мен үдемелі дамуының кепілі болып табылады.

Ең алдымен, бұл Конституцияда жазылған негізгі құндылықтарға – жеке бас бостандығына, тегін білім алу мен медициналық қызмет көрсетуге, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне және жеке сенімі бойынша кемсітуге тыйым салуға қатысты. Бұл құқықтарға қазақстандықтарға туғаннан бастап кепілдік берілген және мүлтіксіз сақталуға тиіс.

Қазақстан Халық партиясының басты құндылығы – **азамат**. Сондықтан мемлекет тарапынан азаматтарды сапалы және жан-жақты қорғауды қамтамасыз ету, әлеуметтік кепілдіктер мен төлемдердің әділ жүйесін қалыптастыру, жастарға тең мүмкіндік беріп, лайықты қарттыққа жағдай жасау, әйелдер мен балалардың, еңбекшілердің, кәсіпкерлер мен фермерлердің, әскери қызметшілердің, жастар мен басқа да әлеуметтік топтардың құқықтарын қолдау және мүлтіксіз сақтау, тілді, рухани-адамгершілік құндылықтарды, мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігін сақтау кепілдіктері Қазақстан Халық партиясының негізгі міндеті болып табылады.

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ – ӘДІЛЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОҒАМ ҚҰРУ!

* * *

1. ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛДІК

1.1. Ұлттық саясат және қазақстандықтардың құқығын қорғау

Қазақстан Халық партиясы **цифрлық социализм** міндеттерін іске асыру мақсатында заңнамадағы өзгерістерге қол жеткізуге ниетті.

Ғылым, технологиялар, инженерия және медицина саласындағы жетістіктер жалпыға бірдей денсаулық сақтауды, жалпыға бірдей білім беруді дамыту, толық жұмыспен және дамыған инфрақұрылыммен, көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге және цифрлық әлемнің артықшылықтарына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы қазақстандықтардың өмірін түбегейлі жақсартуға қабілетті.

Мемлекеттік саясат қоғамда ынтымақ, патриотизм, Қазақстанды мекендейтін түрлі этнос өкілдерінің мәдени мұрасы мен рухани өміріне құрмет идеяларын бекітуге тиіс.

Мемлекет қазақстандықтардың әлеуметтік болжамына сай келетін лайықты өмір сүру деңгейіне кепілдік беруге міндетті.

Халық партиясы **қарапайым халықтың мәселелерін шешуге** ниетті! Біз халықтың басым бөлігіне нақты қолдау көрсетеміз.

Партия **ата-ана мен бала** үшін қолайлы орта құруды басымдық деп санайды. Отбасы және отбасылық құндылықтар ежелден халқымыздың тірегі болған. Халық партиясын ажырасу мен толық емес отбасылар санының көбеюі, сондай-ақ өмір сүру деңгейінің төмендеуі және бірнеше баланың өмірге келуінен кедейлік қаупінің артуы алаңдатады.

Сондықтан біз өткен ғасырдың 30-шы жылдарындағы ашаршылық пен Ұлы Отан соғысы кезінде отбасы институтын нығайтуда және демографиялық шығындардың орнын толтыруда мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау кепілдігін қамтамасыз ету үшін ата-ананың жұмыс істейтініне немесе жұмыс істемейтініне қарамастан, үш және одан көп бала тәрбиелейтін ата-аналардың біріне орташа жалақы мөлшерінде «отбасылық жалақы» төлеуді әділетті деп санаймыз.

Ата-аналар да, балалар да қаржылық тұрғыдан барынша қорғалуы үшін **«ата-ана капиталы»** және **«балалар капиталы»** ұғымдарын заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет. Ата-ана мен бала капиталы жылжымайтын мүлікті сатып алуға немесе жөндеуге, емдеуге, оқытуға және бизнес ашуға пайдаланылуы мүмкін. Бала құқықтарын қорғау және мемлекеттен әлеуметтік қолдау кепілдіктері қазақстандық қоғам мен мемлекеттің басты қамқорлығына айналуға тиіс.

Біз **балалардың** сауығуы мен демалуы, балалардың инфрақұрылымын дамыту саласында бірқатар заңнамалық бастамаларды көтеруге ниеттіміз. Біз балалардың игілікті ортасын құруға, балалар спортын, мәдени-демалыс ұйымдарын дамытуға, ел болашағының кепілі ретінде қазақстандық балалардың шығармашылық әлеуеті мен денсаулығын мемлекеттік қолдауды кеңейтуге жан-жақты жәрдемдесеміз.

Қазақстан Халық партиясы **балалардың құқығын** зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен және жас қазақстандықтардың құқықтарын бұзудан қорғауды басым міндет деп санайды. Біз аналар мен балаларды қорғау мақсатында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатаңдатамыз.

Еңбек саласындағы **әйелдердің** құқықтарын қорғау отбасын, ана мен баланы қолдаудың маңызды бөлігі болып табылады. Партия еңбек заңнамасында жұмыс істейтін ана құқығының басымдық саясатын енгізеді және аналарды бала кәмелеттік жасқа толғанға дейін қысқартудан қорғайды.

Партия **жас отбасыларды қолдау** құралдарын, оның ішінде әр өңірде жас отбасылар үшін әлеуметтік тұрғын үйге квота бөлу және тұрғын үй сатып алу үшін жеңілдетілген несиені беру арқылы кеңейтеді. Біз қоғамның тұрақты дамуы үшін Қазақстанның жас отбасыларын қолдауға тиіспіз.

Біз жас отбасылар мен халықтың әлеуметтік осал тобы үшін **тұрғын үйдің** өзіндік құнын төмендетуге қол жеткіземіз. Осы мақсатта мемлекет шаршы метрдің қолайлы құнын және мұқтаждарға қолдау көрсету құралдарын, тіпті несиелеудің нөлдік мөлшерлемесін белгілейді.

Заң жүзінде жайлы және қауіпсіз жағдайда **өмір сүру сапасының** ең төменгі стандарттарын бекіту қажет. Кепілдендірілген пакетке жаңа экологиялық талаптардың міндетті түрде сақталуы, барлық елді мекендерде жолдар, әлеуметтік нысандар (балабақшалар, мектептер, емханалар) мен демалыс орындары салынуға тиіс.

Біз қазақстандықтар үшін **жер** мәселесін түбегейлі шешеміз. Әр отбасы үй және үй шаруашылығын салу үшін 20 сотық жер алады. Мемлекет бұл учаскелерге барлық қажетті инфрақұрылымды жүргізеді. Азаматтар үшін ауқымды құрылысты іске қосу мақсатында тұрғын үй сапасының жаңа стандарттарын ескеретін үйлердің үлгілік жобалары әзірленеді және тегін ұсынылады.

Отандық құрылыс материалдары өндірісін жолға қою жөніндегі мемлекеттің кластерді іске асыру құрылыстың арзандауына ықпал етеді.

Өз кезегінде «Отбасы банкі» арқылы әлеуметтік тұрғын үй құрылысын

жеңілдікпен несиелеу үшін жағдай жасалады.

Қазақстан Халық партиясы **адам еңбегінің** құндылығын түбегейлі қайта қарауға ұмтылуда. Бүгінгі таңда қазақстандықтардың еңбегі бағаланбайды, сондықтан біз өндірістік және зияткерлік кадрларды жоғалтып жаырмыз. Жыл сайын негізінен еңбекке қабілетті жастағы ондаған мың қазақстандық кәсіби тұрғыдағы іске асыру перспективаларының жоқтығынан елден біржола кетіп қалады. Осыны ескере отырып, партия отандастарымыздың еңбек жағдайы мен еңбегіне ақы төлеуді жақсарту, олардың құқықтарын қорғау мақсатында еңбек заңнамасына бірқатар өзгерістер енгізуге бастамашы болады.

Қазақстан Халық партиясы еліміздің мәдени, білім беру және спорттық әлеуетін дамытуға бағытталған **жастар мен жастар бастамаларын қолдаудың** жаппай жүйесін құруды қолдайды. Еліміздің барлық азаматтары тегін білім алуға, сапалы медициналық қызмет алуға, қолжетімді баспана сатып алуға және өздерінің шығармашылық, зияткерлік, еңбек және патриоттық әлеуетін іске асыруға **тең мүмкіндікке** ие болуға тиіс. Осы құқықтарды іске асыру әрбір жас қазақстандыққа өз отбасын құруға және балаларын толыққанды отбасында лайықты жағдайда өсіруге мүмкіндік береді.

1.2. Кепілдендірілген әлеуметтік қамсыздандыру

Мемлекеттің әлеуметтік шығыстары жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық процестерге пара-пар болуға тиіс. Бүгінде әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған санатының лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Осы мақсатта Қазақстан Халық партиясы интернетке қолжетімділік және азаматтық құқықтарды оқыту мен іске асыру үшін қажетті техникамен қамтамасыз ету үшін аз қамтылған, көп балалы, барлық топтағы мүгедектер, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін **мемлекеттік әлеуметтік қолдаудың кепілді көлеміне** кіру үшін заңнамаға бірқатар түзету енгізуге бастамашы болуға ниетті.

Біз Қазақстанның барлық облыс орталықтарында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін тұрмыстық жайлылықпен, пандустармен және интернетпен жабдықталған **жеңілдікті тұрғын үйдің** жыл сайынғы құрылысына заңнамалық кепілдік берілген квота бекіту қажет

деп санаймыз. Қазақстан Халық партиясы еліміздің барлық мұқтаж азаматтары үшін лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету үшін мемлекеттің жеткілікті ресурстарға ие екеніне сенімді.

Партия **мүмкіндігі шектеулі** адамдардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін ашуға қабілетті орта қалыптастыруға ерекше назар аударуды жоспарлап отыр. Барлық азаматтар үшін қолжетімді достық ортаны қалыптастыру және өмір сүру сапасын жақсарту біздің партиямыз үшін басты міндет болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін қамтамасыз ету деңгейіне, тұратын өңіріне және өзге де мән-жайларға қарамастан, заңнамалық деңгейде **тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге 50%-дан кем емес жеңілдік** қамтамасыз ету қажет.

Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін **кепілді жұмыс орындарын** құру және оларға лайықты еңбекақы деңгейімен өзін-өзі жүзеге асыруға, әлеуметтік қолдау мен олардың қамқоршылары үшін кепілдік деңгейін арттыруға мүмкіндік беру қажет.

Біз **жетім балалар** мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың отбасылық нысандарына барлық жерде қолдау көрсетеміз.

Қазақстан Халық партиясы жас қазақстандықтардың конституциялық құқықтарын қорғау мақсатында **жайсыз отбасыларға** мемлекеттік бақылауды күшейту қажет деп санайды. Қазақстандықтардың көршілестікте тұратын балалар мен туыстарының әлеуметтік тәуекелдері үшін азаматтық жауапкершілік мәдениетін арттыру қажет. Балалардың зорлық-зомбылығы мен өмірге қауіп төндіретін жағдайларға қарсылық танытатын азаматтық сана қалыптастырып, насихаттау қажет.

Балалар мүгедектігінің алдын алу және өз денсаулығына ұқыпты қарау мақсатында жастардың профилактикалық бағдарламалары мен денсаулығына ерекше назар аударылуға тиіс.

1.3. Қолжетімді және тиімді медицина

Қазақстан үшін денсаулық сақтау жүйесінің сапасы ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Жанашылдықтың бақылаусыз енгізілуі жылдар бойы пайда болған артықшылықтардың жоғалуына алып келді. Өкінішке қарай жүйенің тозуы және медицина қызметкерлерін даярлау, қаржыландырудың жеткіліксіздігі, жалақының аздығы медицинаның барлық

салаларында білікті мамандардың санын айтарлықтай азайтты. Бұл үрдісті тоқтататын уақыт келді.

Медицина саласын қаржыландыру мәселесін мемлекет толығымен өз мойнына алуға тиіс. Бюджет шығындарын еселеп ұлғайту керек. Мемлекет ауыр науқастарды емдеуге жұмсалатын барлық шығындарды өтейді.

Медициналық қызметтер халық үшін тегін болуға тиіс, медициналық мамандықтарға берілетін грант саны екі есе ұлғайып, талантты жастар үшін қолжетімді болуы керек.

Біз азаматтарды емдеудің кепілді көлемін және **міндетті медициналық тексеруді жандандыруды** ұсынамыз.

Біз **әлеуметтік сақтандыру қорын таратуды** қолдаймыз. Мемлекет азаматтардың денсаулығы есебінен табыс таппауы керек. Қор қаражаты саланы жаңғыртуға бағытталады.

Медицина қызметкерлеріне, әсіресе ауылдық жерлерде және осы салада қызметін іске асырғысы келетін жастар үшін төлем көлемін үш есе ұлғайту мақсатында **медициналық қызметкерлерді қолдауды** қайта қарау қажет.

Біз медициналық мекемелерді технологиялық қайта жабдықтауды, медициналық қызметкерлердің құзыретін арттыруды және осы саладағы цифрландыруды ерекше бақылауға аламыз.

Ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыратын медициналық құралдар, дәрілік препараттар мен тест-жүйелері **өндірісін жолға қою** маңызды. Келесі кадам әлемдік озық стандарттарды пайдалана отырып, өнеркәсіптік қуатты арттыру болуға тиіс.

Жалпыға бірдей дене шынықтыру мен дұрыс тамақтануды енгізбей ұлт денсаулығын нығайту мүмкін емес. Мемлекет әрбір азаматтың иммунитетін нығайтуға барынша күш-жігер жұмсауға тиіс. Иммунитет кез-келген вирустан қорғайтыны белгілі.

Ұлттық **санитарлық-эпидемиологиялық қызметті** күшейту басты басымдықтардың біріне айналады. Бұл қызмет барлық ұйымдарда еңбекті жақсарту бойынша ең қатаң шара қабылдауы керек.

Тауарларды таңбалау бойынша жаңа стандарттар қабылдау қажет. Өнім адам денсаулығына зиян келтіретін зиянды компоненттердің болуын нақты және дәл көрсетуі керек.

Сондай-ақ бір мезгілде балалар ойыншықтарынан бастап өндірістік тауарларға дейінгі қауіп төндіруі мүмкін **импортталатын тауарларға бақылауды** күшейту керек.

1.4. Сапалы және қолжетімді білім

Қазақстан Халық партиясы еліміздің барлық азаматтары үшін сапалы *тегін білімді*, оның ішінде тегін жоғары білімді қолдайды. Біз білім беруді білім экономикасы негізінде дамып келе жатқан қазіргі ақпараттық қоғамдағы мемлекет қауіпсіздігі мен жеке тұлғаның дамуының негізі ретінде қарастырамыз. Білім беру мемлекеттің жүйе құраушы институт болып табылады. Сапалы және қолжетімді білімге салынған инвестиция – бұл елдің адами капиталына салынған инвестиция. Сондықтан білім беру саласындағы мәселелерді шешу кез-келген мемлекеттің маңызды мемлекеттік міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Халық партиясы мектеп оқушылары мен студенттері бар отбасылар үшін интернетке қосылуға тұрақты *жеңілдікті тарифке* қол жеткізуге ниетті. Заманауи технологиялар қазақстандық балаларға деңгейі жағынан дамыған елдерден кем түспейтін сапалы заманауи және бәсекеге қабілетті білім беруге мүмкіндік береді. Біз балаларымызға осындай мүмкіндікті қамтамасыз етуіміз керек.

Оқыту барлығына қолжетімді болуы керек. Барлық оқулықтар цифрландырылуы және интернетте еркін қолжетімді болуға тиіс.

Қазақстандық оқушылардың кәмілеттік жасқа толғанда өз бетінше табыс табуға мүмкіндік беретін дағдылары болуы үшін *білім беру жүйесін қалыптастырудың* тәсілдерін қайта қарап, орта-арнайы білім беру және мектептегі білім беру шеңберінде кәсіптік даярлау курстарының мәртебесін арттыру қажет.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамыту көптеген адами ресурстарды қажет етеді. Сондықтан *кәсіптік-техникалық оқытуға* олардың жанындағы кешкі мектептерді жаңғыртуға жаңа серпін беріп, сонымен қатар бюджет мүмкіндігіне қарай шәкіртақы төлеуді қарастыру керек.

Өндірістік тәжірибе – бұл жаңа маманды алдын ала дайындау. Барлық мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындар бос орындарға базалық жалақы төлей отырып, студенттерді уақытша практикаға қабылдауға міндетті болады.

Көші-қон мәселесін шешу және өңірлерді дамыту үшін *өңірлік*

университеттер құру қажет.

Қалаларда тұратын ауыл балалары үшін заманауи инфрақұрылымы бар *мектеп-интернаттар* қайта жаңғыртылады.

Біз қажеті шамалы жоғары оқу орындарының санын қысқарта отырып, *оқыту сапасын* арттырамыз, экономиканың қажеттілігіне қарай бағдарламаларды қарастырамыз. Білім беруді дамытудың басымдықтары **білім беру парадигмасын** бірыңғай стандарттарды енгізу, цифрландыру, ақпараттық және компьютерлік технологияларды дамыту, сондай-ақ білім беру мекемелерінің инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасын нығайту және жарақтандырылуы жағына қарай трансформациялануға тиіс.

Бюджет қаражаты есебінен *гранттық оқыту* бойынша басым мамандықтарды айқындау мәселесінде тәртіп орнату қажет. Экономика мен салалардың қажеттіліктері, кем дегенде, осы мамандықтар бойынша оқитындардың санына сәйкес келуі керек.

Мұғалімдерді заңнамалық тұрғыдан ғана емес, материалдық жағынан да *қолдайтын* уақыт келді. Мемлекет лайықты жалақы төлеуге, үздік педагогтарға арнайы ақшалай өтемақы мен төлем енгізуге тиіс.

Мемлекет әрбір қазақстандық оқушының үйірмелері мен спорт секцияларында жылына кемінде 200 сағат қосымша ақы төленген кепілді көлеммен қамтамасыз етуге тиіс. Халық партиясы бұл көрсеткіштің облыс және қала әкімдері жұмысының тиімділігін бағалау критерийлеріне енгізілуін талап етеді.

1.5. Прогрессивті ғылым

Еліміздің ғылыми әлеуетін дамытпайынша Қазақстанның дамуы мүмкін емес және Халық партиясы отандық ғалымдарды қолдау, өзінің ғылыми зерттеулерін дамыту және қарапайым азаматтың өмірін жақсартатын заманауи технологияларды жаппай енгізу арқылы Қазақстанның ғылыми-технологиялық әлеуетін сақтап, арттыра түсуі үшін **ғалымдарға** жағдай жасауға ниетті.

Үкімет ғылымды, ең алдымен, іргелі ғылымды **қолдау тәсілдерін** өзгертуге міндетті.

Қазақстан Халық партиясы өз міндеттерінде ғылыми сала қызметкерлерін лайықты еңбекақы төлеу, қаржыландыру тәртібін жеңілдету, есеп берудегі бюрократиялық озбырлықты азайту және өз өмірін ғылыми зерттеулерге арнағысы келетін жастар үшін тәлімгерлік институтын

калыптастыру құқығындағы қорғауды көріп отыр.

Өңдеу өнеркәсібі кластерлері ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру үшін **ғылымның өндіріспен байланысына** негізделуге тиіс. Ғылыми-зерттеу институттары өнеркәсіп кәсіпорындарымен өзара тығыз байланыста жұмыс істейтін болады.

Ғылыми іргелі және қолданбалы зерттеулерді генерациялаудан бастап жаһандық нарықтарға ауқымды ете отырып, стартаптарды коммерцияландыруға дейінгі экономикалық тізбектің барлық элементтерін жүйелі түрлендірулермен қамту қажет.

Ғылыми жобалар экспортқа бағдарланған және экономикалық жағынан талап етілетін өндірісті құру мақсаттарына сәйкес келуге тиіс.

1.6. Әділетті зейнетақы жүйесі

Қазіргі зейнетақы жүйесі ашық емес және әділетсіз. Қазақстандықтардың көпшілігінде жеткілікті жинақ жоқ.

Сондықтан **ынтымақты зейнетақы жүйесіне қайта оралу керек.**

Біз еңбек жағдайларының күрделілігіне қарай есептелуі тиіс зейнетақы жасын қайта қараймыз. **Зейнетке шығу шегі жынысына қарамастан 60 жасқа дейін төмендетілуі керек.** Егер мемлекет жастарды тиісті дәрежеде жұмыс орындарымен қамтамасыз ете алмаса, онда зейнетке шығу жасын кезең-кезеңмен көтеру мүлдем мағынасыз тірлік болып табылады.

Қазақстан Халық партиясы қазіргі зейнетақы жүйесі шын мәнінде аға буынды жартылай аштыққа ұшыратады деген сенімде, бұған мүлдем жол беруге болмайды. Ең төменгі **базалық зейнетақы тиісті жыл сайынғы түзетумен орташа жалақыға тең болуға тиіс.** Партия болашақ зейнеткерлердің қаржылық қауіпсіздік жастығын қалыптастыруға арналған құралдар тізімін кеңейтуге ниетті.

Лайықты қарттық құқығы номиналды инфляцияны ғана емес, сонымен бірге нақты тұтыну бағасының өсу индексін, сондай-ақ жалақының өсу индексін ескере отырып, жыл сайын **зейнетақыны индексстеумен** нығайтылуға тиіс. Лайықты қарттыққа деген құқық декларативті емес, еліміздің әрбір азаматы үшін осы құқықты іске асырудың айқын тетігі бар барлық салалардағы мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктермен нақты бекітілген болуы керек.

Қалалық көлікті тегін пайдалануға, стационарлық клиникаларда жеңілдікпен қызмет көрсетуге, мәдени нысандарға баруға және басқа да

әлеуметтік жеңілдіктерге құқық беретін зейнеткерлер үшін **Бірыңғай әлеуметтік карта** енгізу қажет.

Интернет-қызмет, компьютерлік техника және өмір сапасын арттыратын әрі әлеуметтендіруге ықпал ететін технологияларға оқыту зейнеткерлерге көрсетілетін мемлекеттік көмектің міндетті көлеміне кіруі тиіс.

Барлық қалаларда зейнеткерлердің толыққанды бос уақытын тегін ұйымдастыру және шығармашылық тұрғыдан іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Міндеттің іске асырылуы қалалар мен облыстардың әкімдеріне жүктелсін, қаржылық қолдауды бақылау мен бөлу мәслихаттар мен қоғамдық кеңестерге қалдырылсын. **Зейнеткерлер лайықты өмір сүріп, лайықты демалу үшін барлық мүмкіндіктерге ие болуы керек.**

1.7. Халықтың рухани мұрасы

Қазақстан Халық партиясы Қазақстан қоғамының негізгі міндеті Қазақстанда тұратын барлық этностардың мәдени алмасуы мен **мәдени мұрасын сақтаудың** тиімді тетігін құру деп біледі. Біз барлық азаматтарға құрмет, төзімділік, тілектестік және тең қарым-қатынасты қалыптастыру ғана экономика мен әлеуметтің табысты дамуының негізі болатынына сенімдіміз.

Маңызды міндет – **этномәдени кодты жоғалтуға жол бермеу** және мәдениетті, дәстүрлер мен инновацияларды ұштастыратын қазақ ұлтының қазіргі заманғы бейнесін қалыптастыруды жалғастыру.

Халықты шоғырландыру идеясының негізгі компоненттері ретінде партия мыналарды анықтауды ұсынады:

Қазақстан халқының рухани бірлігінің негізі болып табылатын жалпы тарих пен жетістіктерге құрметпен қарауға тәрбиелеу;

Қазақстандықтардың ділінде тарихи қалыптасқан мәдени және адамгершілік құндылықтарды қайта түлету және жаппай танымал ету;

азаматтардың жоғары әл-ауқат пен әрбір азаматтың мүддесін ескеруді қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті қоғам қалыптастыруға деген сезімін ояту.

Өскелең ұрпақ пен жастарды патриотизм, халықтың моральдық-адамгершілік, мәдени, рухани құндылықтар рухында **тәрбиелеуді** идеологиялық жұмыстың басты бағыты етіп айқындаған жөн. Бала кезінен осындай дүниетанымды тәрбиелеу қоғамды топтастыруға және сырттан әсер етуге иммунитетті қалыптастыруға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Барлық этностық, діни топтардың мүдделерін және ұлттық қауіпсіздік

талаптарын тең дәрежеде ескеретін **жалпыұлттық идеологияны танымал ету** маңызды.

Біз ұлттық, діни, гендерлік және нәсілдік белгілері бойынша кемсітушілік үшін қылмыстық жазаны қатандатуға қол жеткізуге ниеттіміз. Ұлттық немесе діни белгілер негізінде Қазақстан азаматын құрметтемеудің кез келген фактісін қоғам күрт айыптауға тиіс, ал Қазақстандағы әртүрлі этникалық топтар арасында бөлінудің кез келген әрекеттерін мемлекет пен қоғам қатаң түрде тоқтатуға тиіс. Қазақстан Халық партиясы барлық ұлттық және діни топтардың мүдделерін әділдік пен заң үстемдігінің тең жағдайында қорғайды.

Қазақстан үшін мәдени тоқырау көбінесе саланы тиісті қаржыландырудың болмауынан және халықтың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуы үшін қаражатының жоқтығынан айқын ақиқатқа айналды. Сондықтан осы саланы **қаржыландыру мен стратегиялық қолдау** тәсілдері қайта қаралуға тиіс. Қазақстанда тұратын барлық этностардың мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға және дамытуға бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру мен қолдау жөнінде кешенді саясат қалыптастыру қажет.

Партия мемлекетті әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс арқылы халықтың тарихы, мәдениеті мен дәстүрі саласындағы ғылыми зерттеулер мен жобаларды қолдау және қаржыландыру қажет деп санайды.

Мемлекет **халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен мәдениеті** бойынша моральдық-адамгершілік стандарттар мен мінез-құлық қағидаларын қарапайым түрде түсіндіретін **қолжетімді басылымдар сериясын** әзірлеп, ауқымды тиражбен шығаруға тиіс.

Индустрияландыру және экономикалық өсу шеңберінде ұлттық өнімдердің отандық брендтерін әзірлеу және тарату жөніндегі **жобаларды ілгерілету**, эко және этнотуризмді дамыту үшін жағдайлар жасау, ұлттық нақышы бар киім, жиһаз, ыдыс-аяқ, аксессуарларды модельдеу жөніндегі жобаларды қаржыландыру, ұлттық асхананы танымал ету және ілгерілету маңызды.

Білім беру бағдарламаларына халықтың мәдениеті мен дәстүрлерін тану негіздерін қалыптастыратын пәндерді енгізу, **мектептегі тарихи туризм** дәстүрлерін қайта жаңғырту маңызды. Оқудағы жетістіктері және мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін оқушыларды сауықтыру-таныстыру демалысына бір өңірден екінші өңірге жіберу керек.

Халықтың әлеуметтік осал санаттары, оқушылар, студенттер мен

зейнеткерлер үшін өңірге қарамастан, мемлекет қаржыландыратын мәдениет нысандарына жүйелі түрде тегін баруды ұйымдастыруды заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет.

Ұлттық спорт түрлері бойынша **аула клубтарын**, халық шығармашылығы ансамбльдерін, қазақстандықтардың салт-дәстүрлерін зерделеу және дамыту үйірмелерін құру және олардың қызметін қолдау талап етіледі.

2. ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ

2.1. Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесі

Қазақстан Халық партиясы биліктің қуатты мемлекеттік вертикалымен, жаңа технологиялық шешімдердің озық элементтерімен экономикалық қатынастардың жаңа базалық принциптеріне негізделген **әлеуметке бағдарланған мемлекет**, жаңа индустриялық дамыған ел құруға ұмтылады.

Партия Қазақстан Үкіметіне қойылатын талаптарды қатаңдату және Парламент пен мәслихаттарда өз жұмысын күшейту арқылы демократиялық институттарды нығайтуға ниетті.

Парламенттік оппозицияның Қазақстанның саяси өміріндегі рөлі бізбен бірге күшейеді.

Биліктің барлық тармағының қызметі бүгінде **азаматтардың**, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, газ және сумен жабдықтау, білім беру, медициналық қызмет көрсету, қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациямен қамтамасыз ету және көлік қызметтерін ұсыну саласындағы **өзекті проблемаларын шешуге** бағдарлануға тиіс.

Біз **биліктің қатаң вертикалін** орнатып және жергілікті жерлерде мемлекеттік шешімдердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етеміз. Қазіргі жағдайдағыдай жергілікті билік органдарының әдепсіздігі мен жауапсыздығына жол жоқ. Бүгінде орталық органдар мен әкімдіктердің іс-қимылдарында сәйкессіздік пен бытыраңқылық байқалады.

Осыған байланысты біз билік органдары қызметінің **ашықтық дәрежесін арттыруға** қол жеткіземіз. Бұл мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды, мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіруді, мемлекеттік аппаратты еселеп қысқарту есебінен биліктің тиімді вертикалін құруды талап етеді. Бұл оларды ұстауға жұмсалатын шығындарды айтарлықтай азайтады.

Табысты басқару үшін басқарудың әр деңгейіндегі **мақсаттар мен міндеттерді**, сондай-ақ қоғам олардың жұмысын бағалайтын

көрсеткіштерді анықтау қажет. Бұл көрсеткіштерге қол жеткізу үшін **әрбір әкім мен министр жеке жауапты** болады.

Халық партиясы **мемлекеттік аппарат тиімділігінің үздіксіз мониторингін** жолға қояды. Бағдарламалар мен жобаларды іске асырудың сапасы мен тиімділігіне бақылауды күшейту қажет. Іс-шаралардың орындалуын бақылаудың жекелеген функцияларын мемлекеттік емес секторға беру ұсынылады.

Мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және оқыту тәсілдерін қайта қарау қажет. Мансаптық өсудегі кепілді «**әлеуметтік лифтілер**» есебінен **әрбір адам қоғамға әлеуметтік интеграциялану үшін тең құқыққа ие** болады.

Ол үшін біз жұмысқа қабылдаудағы барлық сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі схемаларды жоямыз. Бұл процесс қоғам үшін ашық болады. Мемлекеттік қызметке тек дарынды және тиімділігі жоғары адамдар ғана келеді. Бізге озық, жас, өршіл және ең бастысы адал адамдардан тұратын сапалы аппарат қажет.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру, еңбек қатынастары саласындағы заңдылық кепілдіктерін нығайту және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайларын жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру жалғасады.

2.2. Дамыған жергілікті өзін-өзі басқару

Жергілікті атқарушы билік органдарының жұмысы азаматтарымыздың негізді наразылығын тудырады.

Қазақстан басшылығының аса маңызды бастамалары кейде атқарушы билік жауапкершілігінің төмен деңгейі және тиісті қоғамдық бақылаудың болмауы салдарынан беделін түсіріп алады.

Сондықтан Қазақстан Халық партиясы мемлекеттік органдардың қызметін реттеу саласындағы негізгі міндет азаматтарды мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне тарту және мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің, жергілікті өзін-өзі басқару комитеттерінің жұмысына қатысу арқылы мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін бақылау деп біледі.

Біздің зерттеулерге сәйкес, қазақстандықтар, әсіресе жастар, мемлекет саясатына ықпал ету мүмкін емес деп есептейді. Бірақ біз қазақстандықтардың жергілікті атқарушы билік органдарының саясатына және жалпы Үкіметке деген ықпалының күшеюі, ал өңірлердің проблемалары барлық деңгейлерде айтылуы және басым тәртіппен шешілуі тиіс екеніне сенімдіміз.

Біз Қазақстанда қалалар әкімдерін тікелей сайлау институтын құруды жеделдету қажет екеніне сенімдіміз.

2.3. Азаматтық қоғам және билік

Билік азаматтық қоғаммен үнемі диалог жүргізіп, парламенттік оппозицияны тыңдауы керек. Осыған байланысты біз қоғамды саяси шешімдер қабылдауға тартуға, **билік пен халық арасындағы кері байланыс** қағидатын іске асыруға қол жеткіземіз.

Бұл үшін «Халықтық кеңес» құрылады. Оларға жергілік билік қабылдаған шешімдердің орындалу сапасын объективті бақылау міндеті жүктеледі.

Өңірлерде іске асырылып жатқан жобалар мен бағдарламаларды уәкілетті органдар мен жергілікті азаматтық қоғамның қатысуымен кеңестер алдын ала қарауға тиіс, бұл мемлекеттік шығыстарға мақсатты әрі нысаналы сипат береді.

Партия жұртшылықты тұрғын үй-коммуналдық мәселелер, газ және сумен жабдықтау, білім беру және медициналық қызмет көрсету, қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациямен қамтамасыз ету және көлік қызметтерін ұсыну жөніндегі кеңестердің отырыстарына басым тәртіппен тартуға ниетті.

Коммуникацияның осы заманғы технологияларын пайдалана отырып, билік пен қоғам арасындағы үнқатысудың жаңа құралдарын жасау, халықтың елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысуын кеңейту маңызды.

2.4. Беделді кәсіподақтар

Қазақстан Халық партиясы Қазақстанда кәсіподақ қозғалысын дамыту қажет деп санайды. Бүгінде қоғамдағы кәсіподақтардың беделі өте төмен. Дәстүрлі кәсіподақтар еңбекшілердің құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауға әлі қабілетті емес. Кәсіподақ қозғалысын дамытпайынша, еңбек адамының құқықтарын толыққанды қорғау мүмкін емес. Сондықтан кәсіподақтардың жұмыс істейтін қазақстандықтар өміріндегі маңызын өзгерту қажет.

Еңбек тиімділігі мен адам ресурсының сапасын арттыру мақсатында қайта оқытудың, біліктілікті арттырудың, оның ішінде қайта даярлаудың кәсіподақ орталықтары шеңберінде мемлекеттік бағдарламалардан өту біздің азаматтар үшін қалыпты норма болуға тиіс. Сонымен бірге мемлекет өзінің барлық азаматтарын лайықты ақы төлеумен және отандық мамандардың експаттар алдындағы еңбек құқықтары мен басымдығын мүлтіксіз сақтаумен қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақстан Халық партиясы өз алдына **еңбекті қорғау мен еңбек жағдайының**, оның ішінде экологиялық қауіпсіздік саласындағы жаңа стандарттарын әзірлеу және енгізу міндетін қойып отыр.

Кәсіби тәуекел деңгейін бақылау және мониторингілеу жүйесін әзірлеу, жарақаттану мен кәсіптік ауруларды азайтуды мемлекеттік тапсырыстарды солардың арасында бөлу және әртүрлі инвестициялық бағдарламаларды бекіту кезінде кәсіпкерлер қызметінің басым бағалау өлшемі деп есептеу, мемлекеттік кепілдіктерге отандық және шетелдік инвесторларды тарту есебінен кәсіпорындарды жаңғыртуды күшейту қажет. Мониторингті бақылау мәселесі салалық кәсіподақтарға жүктеліп, оларды осыған қажетті қоғамдық және заңнамалық қолдаумен қамтамасыз ету қажет.

2.5. Тәуелсіз сот жүйесі

Сот жүйесі қазақстандықтардың құқықтарын әділ әрі тиімді қорғауды қамтамасыз етуге, қоғамды заңсыздық пен озбырлық проблемаларынан қорғауға тиіс.

Партия заң үстемдігін қамтамасыз етуде сот жүйесінің **дербестігі мен тәуелсіздігіне** қол жеткізеді.

Ол үшін Қазақстан Халық партиясы **алқа билер соты** институтын пайдалануды кеңейтуге бағытталған заңнамалық нормаларға бастама жасайды.

Басым тәртіппен **судьяларды таңдау** үшін негіз қалыптастырған жөн, ол таяу уақытта сынақтан өткізіледі. Осы саладағы барлық шешімдер мен ұсыныстар халықаралық құқықтық практиканы пәндік зерделеуге негізделеді. Қоғам үшін маңызды мәселедегі қателіктер қабылданбайды. Сондықтан мәселе партияның негізгі міндеттерінің қатарында болады.

* * *

3. ХАЛЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА

3.1. Әлеуметтік бағдарланған экономиканың векторлары

Экономика капиталистердің емес, халықтың мүддесі үшін жұмыс істеуі керек. Біз табиғи ресурстарымызды халықтың қызметіне және бақылауына береміз.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен орнықтылығы қоғамның өмірлік маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру, қосылған құн, жоғары өнім шығаруды ұлғайту, еңбек өнімділігін арттыру және экспортты әртараптандыру бағытында экономиканы құрылымдық қайта құру үшін салалар мен бағыттарды дамыту жөніндегі шаралармен қолдау табатын болады.

Әлемдік дағдарыс инновациялар мен өткізу және қызмет көрсету

нарықтарында жаңа қатысушылар үшін мүмкіндіктерге жол ашып отыр.

Индустрияландыру тәсілдері түбегейлі қайта қарауды талап етеді, экспорттың шикізаттық бағытын мемлекеттік қолдаудан босату керек. Ауыл шаруашылығы, тамақ, фармацевтика және химия өнеркәсібі, жоғары технологиялық қызмет көрсету нарығы мен ғылым басым бағытқа айналуға тиіс.

Цифрлық технологияларды енгізу **білімге негізделген секторларды** – ғылыми-техникалық қызметті, инжинирингті, көрсетілетін кәсіби қызметтерді, жоғары технологиялар мен цифрлық сервистерді **дамытуды** талап етеді.

Негізгі міндет – **өндірістің толық цикліне және экономикалық тәуелсіздікке** қол жеткізу. Отандық компанияларды қолдау мақсатында келесідей қадамдарға бару керек:

1) бизнестің жаңа қатысушылары үшін екі жылға рұқсат беру құжаттарын, ДСҰ және ЕАЭО нормаларын сақтай отырып, салық және кеден баждарын төлеуді алып тастау;

2) қосылған құн жоғары және 90%-дан астам оқшауландырылған тауар шығаратын өндірушілер үшін салықтық және кедендік пайыздық мөлшерлемелерді төмендету;

3) Қазақстанда өндірілетін ұқсас тауарларға кедендік мөлшерлемелерді (акциздерді) арттыру;

4) технологиялар импорты мен түпкілікті өнім экспорты кезінде кедендік мөлшерлемелерді төмендету.

Отандық кәсіпорындар **өнім сапасын жақсарту**, ақпараттық акциялар өткізу арқылы тұрақты сұранысты өсіру және қолдау бойынша жұмыс істейтін болады.

Монополияға қарсы қызмет ішкі нарықтағы баға белгілеу мен тарифтерді қатаң қадағалайтын болады.

Дағдарыстық үрдістер **мұнай өнімдерінің ішкі көтерме сауда нарығын трансформациялау** қажеттігін атап көрсетуде. Жер қойнауын пайдаланушылар мен мұнай өңдеу зауыттары арасындағы өнімсіз делдалдық құрылымдарды алып тастау керек. Мұнайды тікелей жер қойнауын пайдаланушылар зауыттарға жеткізуі тиіс.

Өз кезегінде реформаларды тиімді іске асыру және экономиканың нақты секторын реттеу үшін:

экономиканың нақты секторы үшін қажетті активтерді шоғырландыруға мүмкіндік беретін **мемлекеттік және квазимемлекеттік шығыстарды**

оңтайландыру;

квазимемлекеттік сектор нысандарына тексеру жүргізу, оның қорытындылары бойынша қаржылық көрсеткіштері төмен және экономикалық тиімсіз субъектілерді тарату;

жан-жақты бағалау негізінде **қайталанатын және тиімсіз мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды қысқарту;**

әкімдердің жеке жауапкершілігін арттыра отырып, инвестициялық саясат және инвесторлармен ынтымақтастық мәселелері жергілікті атқарушы органдарға жүктелуі керек;

министрліктер мен өңірлердің басшыларын бөлінген облыстарда халықаралық ынтымақтастықты дамыту талап етілетін нақты елдерге бекіту. Парламент пен Қауіпсіздік Кеңесі тарапынан олардың есептілігін және сырттан бағалануын қарастыру;

экспортты жылжытуды және тұрақты өткізу нарықтарын қалыптастыруды, инвестициялар мен озық технологияларды тартуды қамтитын дипломатиялық өкілдіктер басшыларының қызметін бағалау рейтингін енгізу;

«өңірлердің инвестициялық картасын» жасау, онда инвестициялаудың әлеуеті, мүмкіндіктері мен шарттары туралы мәліметтер, негізгі экономикалық көрсеткіштер және шетелдіктер инвестиция тарта алатын салалар бойынша өзге де деректер қамтылады.

Бұл ретте партия **шетелдік инвестицияларды тарту кезінде ұтымды тәсілдерді** қолдайды. Бұл жаңа жобалардың пайдалылығы мен қажеттілігін алдын ала талдау үшін білікті мамандар мен халықты тартуды талап етеді.

3.2. Ауыл шаруашылығы экономиканың драйвері және азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі

Жаһандық экономикалық тренд бірінші кезекте өзіндік молшылыққа және импортты алмастыру тұрғысынан ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібін қозғайды.

Осыған байланысты бірегей аграрлық әлеуеті бар Қазақстан **саланы экономиканың шикізаттық моделінен тиімді сауда саясатын құра отырып, қайта өндеуге ауыстыруға тиіс.**

Нарықтық тетіктер жеңе алмайтын ауыл шаруашылығындағы инвестициялардың өтелімділігінің объективті төмен болуы **оны дамытуға мемлекеттің белсенді қатысуымен** алмастырылатын болады.

Барлық жобаларды ғылыми сүйемелдеуді, өндірістің толық циклін

енгізуді, қолдау мен салықтық ынталандырудың икемді жүйесін көздейтін саланы **дамытудың ойластырылған жоспары** Қазақстан тарихының жаңа бетіне айналады.

Бастапқыда ауыл шаруашылығының, тамақ және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының **жаңа кеңістіктік-аумақтық схемасын** бекіту қажет. Осылайша, импортты алмастырудың мүмкіндіктері мен перспективаларын ескеретін мемлекет пен қоғамның іс-қимыл картасы жасалады.

Қазіргі шынайы жағдайда экономикалық тұрғыдан өзара байланысты және сол арқылы өзара тұрақтылықты қамтамасыз ететін орта және шағын шаруашылықтар мен фермалардан тұратын **агрокластерлер** тиімді болмақ.

Әртүрлі, оның ішінде халықаралық ҒЗИ-дың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, кейіннен оларды өндіріске енгізіп, **агрофермалардың стандартты жобалары** әзірленетін болады. Кластерлік қағидатқа сүйене отырып, өңдеуші кәсіпорындардың жанында стандартталған фермалар мен шаруашылық желілері салынады.

Нәтижесінде фермалар мен қайта өңдеу кәсіпорындарының сауатты орналасуы көлік және басқа шығындарды азайтуға және сәйкесінше тиімділікті бірнеше есе арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет жерді өңдеуді, тыңайтқыштарды енгізуді, өсімдіктерді өсіруді, жинауды, жерді парға дайындауды, ауыспалы егісті сақтауды, тұқым сапасын сақтауды және басқа да дүниелерді қамтитын **агротехнологиялық процестерді стандарттауды** қамтамасыз етеді.

Партия ферма кластеріне кіретін **жер ресурстарымен** қамтамасыз етеді. Ол үшін оларды ұтымды және мақсатты пайдалануға кешенді талдау жүргізу қажет.

Халық партиясы азық-түлік қауіпсіздігін және қазақстандықтардың тең құқылылығын қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді **шетелдіктерге** жеке меншікке сатуға заңды тосқауыл қою туралы мәселені бекіткеннен кейін аталған заңды өзгертуге тыйым салады. Қазақстан Халық партиясы бұл мәселе бойынша референдум өткізу қажет деп есептейді.

Пайдаланылмайтын немесе дұрыс қолданылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер дереу мемлекеттік меншікке қайтарылуы тиіс екеніне сенімдіміз. Жер құқығын біздің ата-бабаларымыз аманаттап қалдырған. Сондықтан да жерімізге құрметпен және қамқорлықпен қарау керек.

Мемлекет ауыл шаруашылығының қажеттілігі үшін олардың өнімдерін

сатып алуға субсидиялар беру арқылы отандық **тұқым шаруашылығын және асыл тұқымды мал шаруашылығын** ынталандырады. Тыңайтқыштар, пестицидтер мен гербицидтер өндіру бойынша инвестициялық жобалар санын кезең-кезеңімен ұлғайту керек.

Мемлекет **агрологистиканы**, әсіресе ішкі нарықта сақтау, жеткізу және өткізу инфрақұрылымын **дамытуға** тиіс. Бұл шетелдік компаниялармен бәсекелесуге мүмкіндік беретін қазақстандық компаниялардың бір артықшылығы болуы керек. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің қажеттілігі үшін техникамен, тұқыммен, азықпен және басқа да ресурстармен қамтамасыз етілген **материалдық-техникалық жабдықтау** базалары қайта жаңғыртылатын болады. Бүгінде бұл – шаруалардың басты мәселесі.

Ерекше бақылауды қажет ететін бағыттың бірі – **баға белгілеу**. Ол мүлдем ашық болады. Сауда үшін, оның ішінде электрондық тауар биржалары арқылы жағдай жасалады.

Банктік емес кредиттеуді және сақтанушының келісімшарттық өндіріске өтеуін пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен қайта өңдеушілерді **қаржыландырудың** жаңа моделін қабылдау саланың дамуына серпін береді.

Ол үшін тұрақтандыру қорлары арқылы ауыл шаруашылығы өндірушілерін келісімшарттық өндіріс (фермерлік) жүйесіне қосу қажет. Қысқа мерзімдік фьючерстер бойынша емес, ұзақ мерзімді келісімшарттық ауыл шаруашылығы өндірісі негізінде форвардтық сатып алу моделін енгізу керек. Бұл өсімдік өсірушілерде тиісті ауыспалы егісті және агротехникалық карталарға сәйкес мал өсірушілерде өндірістік циклдерді бақылауға мүмкіндік береді.

Агробизнесін инвестициялау кезінде **мемлекеттік-жекеменшік әріптестік** үшін қолайлы жағдай қалыптастыру маңызды.

Саланы қалпына келтіру агроөнеркәсіптік кешеннің түпкілікті өніміне нөлдік ставканы енгізуді, пайдаға есептелген салықтар сомасынан 3 жыл ішінде инвестициялардың барлық сомасын шегеруді қоса алғанда, салық салу саласында батыл қадамдарды талап етеді.

Біз аграршылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін **климат пен су ресурстарын** мониторингтеу және басқару саясатын қайта қараймыз. Осы мақсатта ғылыми және гидротехникалық инфрақұрылымды дамытатын боламыз.

Партия шешімдер қабылдау процесінде қайталаушы және артық қосалқы буындарды болдырмай, **агроөнеркәсіптік басқару жүйесін** дамытуға

ерекше көңіл бөледі.

Тұрақтандыру қорлары мен мемлекеттік резервтерді қалыптастыру тәртібін өзгерту керек. Қорларды құру тетігі оларды дағдарыс кезеңінде жеткізуге кепілдік беруі тиіс. Бұл зат түрінде сатып алу практикасын кеңейтуді талап етеді. Бұл бағаны реттеуге, тәуекелдерді азайтуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығына қосымша қолдау ретінде қызмет етуге мүмкіндік береді.

Агросала азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, экономиканың драйверіне айналады. Бірінші кезекте **жеңіл өңдеу өнеркәсібі** саласында.

3.3. Елдің индустриялық дамуы

Елдің индустриялық дамуы жаңа қазақстандық өндірістерді құруда қазіргі заманғы экологиялық таза технологияларды толыққанды қолдауға басымдық беріп, соған негізделуге тиіс.

Қазақстан Халық партиясы Қазақстан өңірлеріндегі индустрияландырудың барлық кезеңдерін бақылауды жергілікті өзін-өзі басқару органдары сәтті жүзеге асыратынына сенімді.

Мемлекеттен индустрияландырудың бас жоспары және инвесторлар үшін Үкімет тарапынан кепілдіктер қажет. Қазақстан Халық партиясы барлық кезеңдердің ашықтығын және өңірлердегі жұртшылықтың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалауы үшін толық ақпаратқа қол жеткізуін арттыру мақсатында заңнамаға қажетті сұраулар мен түзетулер енгізуге бастама жасауға ниет білдіреді.

Кластерлік тәсіл негізінде дамудың сапалы жаңа салалық бағдарламалары құрылатын болады, оның ішінде:

отандық ғылым негізінде тамақ, жеңіл, химия және фармацевтика өнеркәсібі бойынша;

ауыл шаруашылығы машинасын жасау: тәжірибелік-конструкторлық бюроларды және сертификаттау жүйесін қалпына келтіру, 3D-модельдеу бойынша жобалау ұйымдарын құру, күрделі емес тораптық бөлшектерді өндіру бойынша;

құрылыс материалдары мен жиһаз өндірісі бойынша құрылады.

3.4. Шағын және орта бизнес

Шағын және орта бизнес халықты бірталай жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отыр. Десе де, Үкімет жасап отырған жағдайлар бизнеске мемлекет тарапынан берілген қолдауды толыққанды сезінуге мүмкіндік бермейді.

Шағын және орта бизнесті дамыту үшін, ең алдымен, нарықты арзан ақшамен қамтамасыз етіп, банктердің тонаушылық пайыздарын азайту және шағын кәсіпорындардың салықтық емес шығындарының өсуін тоқтату қажет.

Қазақстан Халық партиясы мемлекеттік және муниципалдық меншіктегі ғимараттарды жалға алу мөлшерлемелері нарықтағы деңгейден төмен болуы тиіс екеніне сенімді. Мұндай ғимараттарды жалға беруде әлеуметтік кәсіпкерлерге, әлеуметтік осал санаттағы кәсіпкерлерге басымдық берілу тиіс. Сондай-ақ, шағын бизнесті дамыту үшін шағын кәсіпорындарды коммуникациялық желілерге қосу тарифтерін төмендетіп, бекітіп беру қажет.

Партия инновациялық кәсіпкерлікті дамытатын шағын және орта кәсіпорындар үшін ауқымды мемлекеттік жеңілдіктер алып беруге ниетті. 15 жылға **5%-ға дейін** теңгемен қарыз беруді көздейтін **шағын және орта бизнесті қолдаудың жаңа бағдарламасын** қабылдау қажет.

Экономикада мемлекеттік реттеу мен бақылау функцияларын шектеу орынды. Бұл барлық кәсіпорын тиімділігінің артуына серпін береді. Сертификаттау және бақылау функцияларын бәсекелес ортаға беру арқылы мемлекеттік реттеудің орнына нарықтық реттеу келуге тиіс, бұған тек халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін кәсіпорындар ғана кірмейді.

Сонымен қатар, мемлекеттік бақылау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында қашықтықтан бақылау үшін «ақылды» технологияларды қолдана отырып, *иесіздендірілген бақылауды* пайдалануды заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет.

Партия жосықсыз қызметтің салдарынан келтірілуі ықтимал залал үшін кәсіпорындардың жауапкершілігін *сақтандыру механизмін* әзірлеуге және енгізуге бастамашылық жасайды.

Бизнес үшін *салықтарды* төмендету және саралау негізгі ынталандыру тәсілдерінің бірі болады. Салықтық ынталандыру нүктелік сипатта болуы тиіс.

3.5. Халықты жұмыспен қамту

Әрбір қазақстандық толық жұмыспен қамтылуға құқылы және бұл құқықты жұмыс орындары қамтамасыз етуге тиіс, немесе оны лайықты өмір сүруге мүмкіндік беретін мемлекеттік жәрдемақылар есебінен өтеу қажет.

Қазақстан Халық партиясы мемлекет пен қазақстандықтар мүдделерінің тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік беретін **жұмыспен қамтудың жаңа бағдарламасын** енгізуге ниет білдіріп отыр. Бұл ретте азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара міндеттемелер мен өзара жауапкершілік

мәселелері қайта қаралуға тиіс.

Жоғары білімнің міндеттілігі мәселесінде барлық мемлекеттік және жекеменшік мекемелер қызметкерлерінің **біліктілік талаптарына** сыни тұрғыдан қарау керек. Бұл халықтың жұмыспен қамтылуын айтарлықтай арттыруға және бос жұмыс орындарын толтыруға мүмкіндік береді.

Жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау процестерді автоматтандыруды жоққа шығаруды емес, мемлекеттің азаматты **қайта оқытуға**, біліктілігін арттыруға және қазақстандықтарға өз отбасыларын асырау үшін көбірек ақша табуға көмектесуге дайын екенін білдіреді.

3.6. Салық салу және қаржы саясаты

Экономика мен бизнесті дамытуға **салық реформасы** ықпал ететін болады. Байларға жүктеме артады, ал мұқтаждар үшін салықты толығымен алып тастағанға дейін азаяды. Шағын бизнеске салынатын салық барынша азайтылу керек, ал ірі кәсіпорындарға, әсіресе ескірген немесе жарақаттану қаупі бар технологияларды қолданатын кәсіпорындарға салынатын салықтар бірнеше есеге өсуі тиіс.

Партия **қосымша құн салығынан бас тартуға** бастамашылық жасайды, оның орнына біз сатылым салығын енгіземіз. Бұл кәсіпкерлердің өмірін жеңілдетіп, салық ауыртпалығын азайтады.

Қазақстанның бюджеттік саясаты бедел әкелетін іс-шараларды толығымен қысқартып, отандық ғылым мен білім беруді дамыту пайдасына қарай қайта қаралуға тиіс.

Қазақстанның ең үздік жарнамасы – оның азаматтары: әртістер, спортшылар, бизнесмендер, суретшілер, ғалымдар. Соларды қолдау керек.

Жүйелік тәуекелдер **банк секторының** проблемалық активтерінің өсуіне және шетелдік қатысу үлесінің артуына әкеліп отыр.

Осыны ескере отырып, жағдайды шешу үшін кешенді шаралар қабылдау керек, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің несие портфелінің сапасын жақсарту, отандық банктер үшін қолайлы жағдай жасау және олардың шетелдіктердің алдындағы мүдделерін қорғау бойынша бастамашылық ету ұсынылады.

Қайта өңдеу секторына капиталдың артуын ынталандыруға, инфрақұрылым мен жаңа инновациялық технологиялар құруға бағытталған нормаларды әзірлеуге бастамашылық жасау басым міндет болуға тиіс.

Сонымен бірге әдейі, қайтарылмайтын несие беруге жағдай жасаған

банк басшыларына қатысты айыппұл және басқа да санкциялар қарастыру керек, сондай-ақ банктерге алыпсатарлық операцияларды жүргізуге тыйым салу қажет.

Экономиканы дамытудың және негізгі құралдарға инвестициялаудың перспективалы бағыты біртіндеп қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көшу және **Электрондық теңгені (ЭТ)** енгізу болып табылады. Бұл қазіргі жағдайда болашағы бар маңызды бағыт. Сондықтан қазірден бастап халықаралық тәжірибені зерттеп, блокчейн технологиясына негізделген электрондық теңге шығарудың механизмін жасау қажет. Шығару отандық өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын қолдау үшін жүзеге асырылады. Осы қаражат есебінен импорттық өнімдерді әкелу қаржыландырылмауға тиіс. Осылайша, электрондық теңгенің қосымша эмиссиясы нақты өндіріспен қамтамасыз етіледі және инфляцияны өсірмейді.

4. ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІ

4.1. Ұлттық мүдделер

Еліміздің егемендігін нығайту мақсатында Қазақстан Халық партиясы елдің ұлттық мүдделерін қорғау тақырыбын ақпараттық күн тәртібіне жаппай енгізуге ниетті.

Қазақстанның ұлттық мүдделері Қазақстанның ішінде тұрақтылықты және шекара маңындағы елдермен тату көршілік қарым-қатынастарды сақтауды қамтиды.

Осы мақсатта Қазақстан Халық партиясы Қазақстанның әрбір азаматы үшін құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігінің бірыңғай саясатын жүргізуге, этносаралық өзара қарым-қатынас пен этносаралық некені нығайтуға, Қазақстанда тұратын барлық этнос топтарының мәдени мұрасын қолдауға, этникалық емес, азаматтық ұлтшылдықты қалыптастыруға ниетті.

Қазақстанның ұлттық мүдделері аясына бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру, азаматтардың өмір сүруі үшін қолайлы және қауіпсіз жағдай жасау, сыртқы қол сұғушылықтан қорғау, саяси егемендікті сақтау және Конституциялық құрылысты қорғау кіреді. Қазақстан Халық партиясы демократиялық қайта құрулар және қазақстандықтардың мүдделерін қорғауда ең тиімді идеология ретінде әлеуметтік мемлекет идеологиясын жаппай енгізу арқылы мемлекетіміздің ұлттық мүдделерін қорғауға ниетті.

4.2. Құқықтық тәртіп

Қазақстан Халық партиясы Үкіметтің күштік блогымен жұмыс істеу

және мемлекеттің күштік құрылымдарын нығайту, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа технологияларын енгізу және халықты қоғамдық тәртіпті қорғау процестеріне тарту арқылы Қазақстанда құқықтық тәртіпті сақтауға ниетті.

Құқық қорғау жүйесі қоғамды **нашақорлық пен есірткі қылмысының** таралуынан әділ әрі тиімді қорғауға тиіс. Бұл саладағы басты мақсат тек жазалау әрекеттерін қолдану ғана емес, құқықбұзушылықтардың алдын алу және ескерту болуға тиіс. Есірткіге тәуелді адамдарды диагностикалау мен емдеудің тиімді халықаралық тәжірибесін енгізу, оларды медициналық-әлеуметтік оңалту үшін жағдайды жақсартуға басымдық беріледі.

Жасөспірімдер қылмысы, балалардың қаңғыбастығы және қадағалаусыз қалу проблемаларын кәметке толмағандарды жұмыспен қамту арқылы тиімді түрде шешу талап етіледі.

Интернетті пайдаланып жоғары технологиялар саласындағы қылмыстарға қарсы күресте құқық қорғау органдарына жәрдемдесуде партияның күш-жігерін жандандыру уақыт талабы болып табылады.

Қазақстан Халық партиясы құқық қорғау органдарындағы **кадр саясатын қатаңдату**ды, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби этикасын қалыптастыруды және олардың тарапынан заң бұзуға «мүлдем төзбеушілік» дағдысын қалыптастыруды қолдайды. Құқық қорғау органдары қызметкерінің қызметтік өкілеттігін пайдалана отырып қасақана қылмыс жасау қылмысты ауырлататын мән-жай ретінде қарастырылуға тиіс. Құқық қорғау органдары тарапынан жүгенсіздік пен іс-әрекет бостандығына жол берілмейді.

Осы мақсатта партия әкімдерді сайлаумен қатар дауыс беру құқығы бар муниципалдық құрылымның барлық тұрғындарының полиция басқармасының жергілікті басшыларын сайлау институтын құру мақсатында заңнамаға түзету енгізуге ниетті.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін даярлау сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Халық партиясы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің әрбір кезеңінде адамгершілік қағидаттарын сақтауға негізделген қазіргі заманғы арнайы білім беру жүйесін кезең-кезеңімен енгізу бойынша заңнамалық талаптарды енгізуге ниетті, онсыз қызметі бойынша жоғарылау мүмкін болмайды.

4.3. Сыбайлас жемқорлыққа және көлеңкелі экономикаға қарсы күрес

Сыбайлас жемқорлыққа және көлеңкелі экономикаға қарсы күрес

шешім қабылдаудың ашықтығы мен жазаның бұлтартпастығы негізінде қағаз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асырылады.

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан **сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес** саласында ахуал жақсармай тұр. Қолданыстағы заңнаманың жетілмегендігі, сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін жазаның бұлтартпастығы қағидатының сақталмауы, сыбайлас жемқорлықтың пайда болу себептерімен емес, оның сыртқы көріністерімен күресу стратегиялық перспективада мемлекеттік органдар қызметіндегі сыбайлас жемқорлық қылмысының артуына орнықты жағдай жасайды.

Еліміз сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа белшесінен батты, бұл коронавирустық індет кезінде қазақстандықтардың жаппай қырылуына әкелді. Мұндай бассыздыққа нүкте қоятын кез келді!

Қазақстан Халық партиясы **парақорлық заң мен жаза тұрғысынан мемлекетке опасыздыққа** және педофилияға **теңестіріліп**, оған ең жоғары жаза – ату жазасын қолдану керек деп есептейді. Тек осылай ғана біз елімізде тәртіп орнатып, халықтың өсіп-өркендеуіне және мүдделерінің сақталуына қол жеткіземіз.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа заң тарапынан да, қоғам тарапынан да **мүлдем төзбеушілік** қалыптасуға тиіс. Тіпті ең кішкентай пара үшін де қатаң жаза қолдану керек және мемлекеттік қызметте жұмыс істеу мүмкіндігінен біржола айыру керек.

Көлеңкелі экономикаға қарсы күрес, активтерді шетелден қайтару бойынша жүйелі шара қабылдау талап етіледі. Партия аталмыш «қолма-қол ақша шығаратын кәсіпорындарды» жабу және оларды жауапкершілікке тарту бойынша батыл шара қабылдауды бастайды. Мұндай қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейту керек. Қолма-қол ақша шығаратын кәсіпорындардың қызметтерін пайдаланатын компанияларды да әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту қажет.

Жеке және заңды тұлғалар үшін шығарылатын валютаның жоғарғы шекті деңгейін енгізіп, **валюталық бақылауды қатаңдату** бойынша шараларды әзірлеу және іске асыру аса маңызды.

Біз капиталдың көлеңкелі айналымға, офшорларға және шетелдік есепшоттарға заңсыз шығарылуын бақылауды қатаңдатуға бастама жасаймыз. Бұл сатқындық, сондықтан мұндай әрекеттер **Отанға жасалған опасыздықпен** теңестірілуі керек.

4.4. Экологиялық қауіпсіздік

Адамның өмір сүру сапасы оның тіршілік ету ортасының сапасына тікелей байланысты, сондықтан қоршаған орта мен елдің табиғи ресурстарын қорғау – мемлекеттің, қоғамның, әрбір қазақстандық азаматтың өмірлік маңызды міндеті.

Қазақстан Халық партиясы қазіргі және болашақ ұрпақтың денсаулығына қауіп төндіретін экологиялық қауіпсіздік нормаларын елемей және елдің табиғи байлықтарына жауапсыз қарау үшін **жауапкершілікті жоғарылатуды** қолдайды.

Қоршаған ортаға және қазақстандықтардың денсаулығына зиян келтіргені үшін шаруашылық жүргізуші субъектілердің жауапкершілігін қаталдату қажет. Біз Қазақстанның су байлығын, әсіресе, тұщы су көздерін қорғауға ерекше назар аударатын боламыз. Қазірдің өзінде біз экология және жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамаға елеулі өзгерістер енгізуге қол жеткіздік, сондықтан осы бағыттағы жұмысымызды одан әрі күшейтуге ниеттіміз.

Қазақстандықтардың **экологиялық мәдениетін** дамыту жоспарын әзірлеу қажет. Эко-ойлауды дамыту мен экологиялық ағартуды мектепке дейінгі жастан бастап оқыту бағдарламасына енгізу, сондай-ақ Қазақстанның табиғи байлықтарын жас ұрпақ үшін сақтау мақсатында ересек тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізу қажет.

Біз зиянды тағамдық қоспаларды қолдануға тыйым салатын және жалған өнімдер мен дәрі-дәрмектерді жасағаны үшін қылмыстық жазаны күшейтетін **өнімнің сапасы** туралы жаңа заң қабылдауға бастама жасаймыз. Партия азық-түлік өнімдерін сертификаттауға қойылатын талаптарды күшейту және құрамында адам ағзасына зиян келтіретін заттар: канцерогендер, ауыр металдар, жасанды бояғыштар, ГМА өнімдері және т.б. бар өнімдерді жаппай таңбалауды енгізу қажет деп санайды.

Партия су ресурстарының сарқылуы мен ластануының алдын алу, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталу көлемін қысқарту жөніндегі шараларды Үкімет пен жергілікті органдардың іске асыруын бақылауға күш-жігерін шоғырландырады. Осы негізде заңнамалық шаралар қолға алынады.

Қазақстан Халық партиясы қоршаған ортаның жағдайын, қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту мақсатында қалалардың айналасындағы **«жасыл белдеулердің»** ауданын 10 жыл ішінде екі еселеу қажет деп санайды.

4.5. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерін әлеуметтік қолдау

Қазақстан Халық партиясы әлеуетті құрылымдарда жұмыс істейтін қызметкерлер мен әскери қызметшілердің еңбекақысын арттыруды, оларға медициналық қызмет көрсетуді, зейнетақымен қамсыздандыруды, сондай-ақ тұрғын үймен қамтамасыз етуді қоса алғанда, әлеуметтік кепілдіктер көлемін ұлғайтуды заңнамалық түрде бекітуге ниетті.

Кадрлық әлеуетті нығайту және Отан қорғаушылардың беделін арттыру мақсатында Қазақстан Халық партиясы қызметкерлер мен әскери қызметшілер, олардың отбасылары үшін келесі мәселелерді шешуді жоспарлап отыр:

- 1) ақшалай үлес ұлғайтылуға тиіс;
- 2) зейнетақымен қамсыздандыру жақсартылып, дамыған елдердің орташа жалақысы мен зейнетақысының арақатынасына сәйкес келуге тиіс;
- 3) запасқа шығарылғандарды әлеуметтік бейімдеу жөнінде ұлттық жоспар әзірлеу қажет;
- 4) еңбек сіңірген жылдары бойынша тұрғын үймен қамтамасыз етуге кепілдік беру керек;
- 5) медициналық қамсыздандыру жүйесін жетілдіру қажет.

Қазақстан Халық партиясы тұрғын үйді бөлу тетігін запастағы әскери қызметшілердің ардагерлер және қоғамдық ұйымдарының бақылауына беру қажет деп санайды.

Әскери еңбекке ақы төлеуде әскери қызметтің ерекшеліктері барынша ескерілуі, ал ерекше жағдайлар тиісті үстемеақымен өтелуге тиіс.

* * *

5. СЫРТҚЫ САЯСАТ

Қазақстан Халық партиясы идеологиясы ұқсас партиялармен пікірлерынтымақтастығына негізделген достық және ашық қатынастар саясатын басшылыққа ала отырып, шет мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидатын ұстанады.

Қазақстан Халық партиясы өзінің тиімділігі мен өміршеңдігін дәлелдеген ел басшылығының көпвекторлы сыртқы саясатын қолдайды.

Біз экономикалық және саяси өзара қарым-қатынастарды дамытуды, бірлескен жобаларды іске асыруды, инвесторлар тартуды, өркендеуді, бейбітшілік пен қатынастарды нығайтуды қамтамасыз ететін сауда, саяси және стратегиялық одақтар құруды жақтаймыз.

Партия Қазақстанның мүддесін халықаралық қатынастардан жоғары қояды.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫ – ХАЛЫҚ, ЖЕР ЖӘНЕ ӘДІЛДІК!

* * *